

# ЖАЛЫН

Республикалық әдеби-көркем және әлеуметтік журнал

**Тарих және тұлға**

Б. Нұр-Мұхамет  
Кенесары дала  
реформаторы

**Тарих және біз**

Б. Мерекенова  
Ана тілі – ар-ұжданымыз

**Бүгінгі сын**

Д. Ысқақұлы  
Абайтанудағы солақайлықтар

**Поэзия**

А. Асанова  
Балауса дәурен мұңы

№10, 11, 12  
2015 жыл

**Жанат ЕЛШІБЕК**

1947 жыл Алматы облысы Қаратал ауданы Қызылбалық ауылында туған. Қазақ Педагогикалық Институтын (қазіргі Абай атындағы ҚазҰПУ) бітірген. Еңбек жолын "Лениншіл жас" (қаз. "Жас Алаш") газетінде бастады. 1978 жылдан "Егемен Қазақстан" газетінде қызмет істейді. Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі (1993). Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының 3 мәрте лауреаты. Тәуелсіздіктің 10 жылдығына арналған, «Астанаға – 10 жыл» мерекелік медальдарымен, Құрмет грамоталарымен марапатталған. Халықаралық «Алаш» сыйлығының лауреаты

# ТАҒДЫР ТАҢБАЛАРЫ

Қызықты қараңыз... Ежелгі танысым санайтын онымен ең алғаш қашан, қайда, қалай кездескенім есімде жоқ. Таңданғаным да, аңырғаным да рас. Жады қоңырауын қанша дабылдатқаныммен ойыма ештеңе оралар емес. Мұндай да болады екен-ау. Қуаныштысы сол, мен оның шығармашылық әлеміне әбден қанықпын. Елгезек те, ұшқыр қаламнан туған Толымбек дүниелерінің дені көз алдымда жарқырап, көңіл сарайында жаңғырып тұр. Кезінде олардың кейбірі хақында ой-пікір айтып, жүрек лебізін білдіргеніміз бар. Ал сәтті тұстағы сыр өзегін тырнақалды туындылардан там-тұмдап тартқанды қолай көрдім. Өйткені, әр нәрсенің, әр әрекет-талаптың бастауымен қайнары болса керек. Сонымен...

I.

Иә, бүгінде мерейлі алтыншы асқарына ендікпей көтеріліп отырған жазушы Толымбек Әбдірайымның аты-жөні қалың оқырман қауымға жақсы мәлім. Бұл жүрекжарды құрметті әңгіме әлқиссасында даңғаза қошамет үшін емес, жанкешті қаламгердің қадыр-қасиетін әспеттеу мақсатында қадап жеткізгім келеді.

Толымбектің тағдырлы өмір жолы шырғалаң да, елең еткізерлік. Алаңсыз балдәурен балалық шағы өз қатар-құрдастарына қарағанда өзгешелеу өткен ол тірліктің ащы-тұщы дәмін ертерек татып өсті. Отбасылық тауқыметті көрмесе де қаршадайынан айнала-төңірегіндегі құбылыстарға сергек көңілмен үнілуге құштар бала-жүрек тым әсершіл де, тым арманшыл еді. Сондықтан да өрімтал жеткіншек ерте есейді. Кішкентайынан ширақ, аса алғыр боп бой түзеген ол еңбекке де ерте араласыпты.

**Толымбек ӘБДІРАЙЫМ**

Онжылдықты бітірер-бітірместен үлкендердің сапында қой бағып, дала сырын тереңірек ұғуға ұмтылады. Ұйықтауды білмейтін алау жүрек қагілез бозбалаға өзгелер секілді алыс шаһарларға оқу іздеп сапар шегуге емес, іргедегі ел ішінде еңбек етуге жетелейді. Алғашқы жылы өзі туып-өскен Аягөз ауданындағы Б.Майлин селолық кеңесінің хатшысы болып істейді. Тәжірибе жинақтай бастаған талапкер өнерпаз көп ұзамай Шұбартау аудандық «Жаңа Өмір» газетіне

әдеби қызметкерлікке қабылданады. Киелі сөз өнерінің тылсым тұңғиығына білек сыбана сүнген Толымбек бұрқыратып жаза бастайды. Мектеп қабырғасында музыкамен әуестеніп, ауыл сахнасында ән айтып, талғамы биік жұрт алдында көрінген болашақ қаламгердің есімін көпшілік ендігі жерде баспасөз беттерінен кездестіргенде қатты қуанған...

– Бірақ... – Сәл бөгеліңкіреп, үн-түнсіз ойға шомған Толымбек бауырым жүріп өткен сүрлеу-соқпақтарын жанарына елестетіп, ұзақ жолдың бел-белестерін бірер ауыз сөзбен түйіп-түйіп жеткізген... – Жүрегім қалаған кәсібімнің соңына түсіп, ала қағазға тесіліп бас ұрудың реті болмады. Кеңестік қатаң жүйенің тәртібі бойынша әскери міндетімді орындауға аттандым. Уақытша десек те қаламымды қаруға алмастырып, солдаттың қымқиғаш тірлігіне бейімделуге тура келді. Қазіргідей өз атамекенінде, жылға толар-толмас мерзім емес. Ресейдің Чита аймағында екі жыл әскери қызметімді өткердім. Үлкен өмір мектебінің бірін абыроймен атқаруға тырыстық қой. Армия енжарлықты, бозөкпелік пен шолжынды көтермейді. Ыстық ұядан алған тәлім-тәрбием бар қиындықтан алып шыққандай. Ең бастысы, қанға сіңген намыс-жігердің арқасында шындалу тезінен өтіп, талай тағдырлармен қоян-қолтық күн кештік. Өмір көрдім, адамдарды таныдым. Әу баста жете зер салмаған секілдімін, әйтпесе болашақ қалам иесіне қажет олжаның өзі – осы өмірден жиған-тергенің емес пе?!

Әскерден оралысымен Аягөзде теміржолда жұмыс істедім. Сөйтіп жүріп көкейіме түйген дүниелерімді қағаз бетіне түсіруден еш жалыққан емеспін. Олардың бәрін бірдей газет-журналдарға ұсынбай, көңілімнен табылған озықтарын ғана аудандық, республикалық редакцияларға жолдадым. Қалам сілтесімді тап басып байқаған аудандық «Алға» газетінде істеген сүйікті қаламгер ағамыз Ерғазы Рахимовтың шарапатын көп көрдім. Жазу-сызудың ұңғыл-шұңғылын еркін меңгерудің өзіндік құпияларын үйретуге үлгі-өнегесі ұшан-теңіз. Айтпақшы, қазақтың атақты жазушы-суреткері Оралхан Бөкеймен тұңғыш таныстырған да Ерғазы көкем болатын. Өткен жылдардың өшпес елестері әрдайым мерейімді марқайтып, қаламыма қуат береді-ай. Өкініштісі, әдеби ортаға, Алматыға өте кеш, отыз жасымда келдім. Алғашқы кітабым «Еркешора» тура қырық жасымда жарық көріпті...

Сол кездегі рухани астана Толымбекке құшағын айқара аша салмағаны анық сезіледі. Көп қазақ жастарының маңдайынан шерткен келеңсіз құқайға тап болып, қалаға тіркеле

алмады. Амалсыз құрылысшы қалағын қолға ұстады, кейінірек іргедегі Талғар аудандық, Алматы облыстық газеттерінде тер төкті. Талай соқпақтардан өткен ол еш мойымады. Ынтыға ден қойған, жан-тәнімен құлаған жазуын тастамады. Өстіп екіұдай боп жүргенде қазақтың талантты сатиригі, «Балдырған» журналында жауапты хатшы боп істейтін жан досы Бейсебай Кірісбаев балаларға арнап әңгіме жазып беруді тапсырады. Тамаша ұсыныс жігер беріп бір беттік «Боранды күнде» атты алақандай әңгіме дүниеге келеді. Ілешала «Кіндік шеше» әңгімесі журналға шығады. Жақсы адамның шапағаты шығар, Толымбек әдебиеттегі таза өз сүрлеуін осылайша табады.

Жүзінен иман нұры төгілген, әдетінше жайрандай сыр тиегін ағытқан өкшемізден ерген қаламдас әріптесім біраз жайдан хабардар еткен. Мінезге бай жазушы інімнің жұмсақ үні де сан құбылып, әр кезеңнің жанында сақталған үзік-үзік көріністерін қаз-қалпында әсерлеп, барынша шешен баяндайды. Ұққаным да, аңғарғаным да мол. Ұшқан ұясы мен өскен ортасы Толымбектің шығармашылық адамы болып қалыптасуына зор ықпал жасағаны даусыз. Әке-шешесі көзі қарақты, көкірегі ояу, сөз қадірін аса биік қастерлейтін ғазиз жүректі ғибратты жандар көрінеді. Сегіз баланың атасы атанған Ыбырайымұлы Сылдырбай ақсақал қанды соғысты белден кешкен майдангер.

Арғы-бергі тарихты, әдебиетті, қазақтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін жетік білетін. Есте жоқ замандағы ескі әңгімелерді майын тамызып шертүмен бірге, небір батырлар жырлары мен хисса-дастандарды, халық ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілері мен қазақ ертегілерін кішкентай бүлдіршіндеріне кезек-кезек оқытып, тыңдаудан еш жалыққан емес. Әр алашқа тән қазақи қалыпты темірқазық санаған құймақұлақ жас жеткіншек Толымбектің ой-өрісін, таным-білігін байытып, рухани көкжиегін кеңейтуге септігін тигізгені сөзсіз. Шырақты отбасының шамын жарқыратқан анасы Сарқыт Нұрқожақызы да айрықша дегдар, ақынжанды екен. Ауызекі сөздің өзін көркем, кестелеп әдемі жеткізетін шешесі орайлы тұста, көңілдене шабыттанып, толқыған сәттерінде өлең жолдарын табанда төгілдіре жөнелетін қасиетке ие. Қос бәйтерек балаларын еңбексүйгіштікке, адалдыққа, шыншылдыққа, өнерлі боп өсуге баулып, олардың бойына ұлттық нәрді мольнан сіңіруді мақсат еткен аяулы да, асыл жандар екенін бұл күнде мен Толымбек бауырымның қаламынан туған әңгіме-хикаяттардан оқып, ерекше әсерге бөленемін. Қатты толғанып, тебіренемін. Оның да сиқырлы себебі бар. Жазушы жүрегінен сүзіліп, қайнап-пісіп шыққан әр сөздің салмағы,

әр эпизодтың әсері, әр оқиғаның өз тылсымы болса керек. Өйткені, ол – тағдыр таңбалары. Оны бар жан-дүниеңмен сезіну үшін көкірек көзіңнің мейлінше қырағы, ал ой-қиялыңның ұшқыр болғаны жөн. Қайталап ескертемін, өмір-дерек ұшқындары осылайша тіл қатады...

Жыр дауылпазы Ғафу ақын шиырғандай: «Өткенді тырнап-қырнап өшіре алмайсың, Адам ізі сүйкеп салатын әріп емес...» Үлкен әдебиеттің табалдырығын өлең, очерк жазумен аттаған жас талант жарқырап көрінді. Қазіргідей сапырып шығудың өзіне уақыт таппайтын қисапсыз газет-журналдар нөпіріндей емес, республикалық басылымдардың ұзын саны онға жетер-жетпес. Кімдердің не жазып, не қойып жүргені оқырманның көз алдында. Тіпті, қалам суытпай көрінген үлкен-кішінің қай өңірде тұрып жатқанына дейін білетінбіз. Мінеки, сондай «ақ мылтық» жазғыштардың бірі – аяғөздік дарын Толымбек Әбдірайым. Оның есімін «Қазақстан пионері» («Ұлан»), «Лениншіл жас» («Жас Алаш»), «Қазақ әдебиеті», «Ақ желкен», «Балдырған» тәрізді аса беделді газет-журналдардың беттерінен жиі ұшырататынбыз. Кезінде сүйсініп оқыған түрлі суреттемелер мен очерктердің тоқырыптары көкейіме ұялап қалыпты. Есіме түскендерін жаңғыртқан дұрыс шығар. Олар – «Оның ұшқан ұясы», «Жиырма жас – сенің жасың жарқылдаған», «Пойыз өтіп барады», «Ай астындағы ән», «Құс ұйқылы Мұқаш», «Дала жауқазыны», «Бір ауылдың түлектері» т.б. Шетінен сыңғырлап, күмбірлеп тұр. Осынау көркем очерктер үлкен прозаға апарар алғашқы із болғаны ақиқат. Ал ол баспалдақты қалайша жоққа шығармақпыз?! Мүмкін емес фантазия!

...Ақырын жүріп, анық басатын Толымбектің өмірлік берік ұстанымы – «бетегеден биік, жусаннан аласа» дейтін халықтық қағида. Аяғөздің сұлу саясында, Ақтас тауының баурайында, атының өзі әйгілеп тұрған Отияр ауылында түлеп-ұшқан жазушы ініміздің тындырған еңбегі, зер салған адамның көңілін толтырарлық. Бұл күнде талғампаз оқырманның сүйікті қаламгеріне айналған Т.Әбдірайым шығармаларын цифр тілімен дөңгелетіп, төмендегіше бейнелер едік. Ол 10 прозалық жинақтың, 117 әңгіменің, 25 ертегінің, 3 хикаяттың авторы. Бірнеше әңгімесі мектеп оқулықтарына енген. Әр туындының, әр кейіпкердің өз тағдыр-талайы бар. Ал сол тағдыр таңбалары төңірегінде алқалы пікірлерін ортаға салып, өз ойларын білдірген зиялылар легі бір шоғыр. Қазақ сөз өнерінің бүгінгі көшбастаушылары Әбіш Кекілбайұлы мен Әкім Тарази секілді ағалар сапынан Серік Негимов,

Нұрдәулет Ақыш, Балтабай Әділов, Дәулетбек Байтұрсынұлы, Асқар Алтай, Сұлтан Қалиев, Шаһизада Әбдікәрімов, Жұма-Назар Сомжүрек, Тұрдыбек Мәмесейіт, Сара Латиева, Дәурен Қуаттарды көру қандай ғанибет.

«Теңіздің дәмі – тамшыдан» демекші, кәнеки төмендегі үш үзік лебізге үңілейікші. Ән тағдыры, композитордың творчестволық тағдыры хақындағы деректі әңгімелер жинағына жазған алғысөзде Халық жазушысы Әбіш Кекілбайұлы өз ойын тереңнен толғайды: «...Тарихтың әр батырдың әр шайқасының жай-жапсарын бажайлай баяндағаны сияқты әр суреткердің әр туындысының да егжей-тегжейіне емірене үңіле білгені лазым екен.

Толымбек Әбдірайым әдебиетімізде дәл сондай мақсатпен тыңға түрен салып, «Ағыл-тегіл» атты деректі әңгімелер кітабын тудырыпты. Бұл – бір өркен жаяр өнеге болса керек. Оның бүгінгі тыңдарман қауым тарапынан бірдей ризашылыққа ие болатынына кәміл сенемін».

Ал филология ғылымдарының докторы, белгілі әдебиеттанушы Нұрдәулет Ақыш жазушының өгей бала тағдырын сөз еткен повесіне ерекше тоқталады. «Кейіпкердің жан дүниесін аша отырып, оқиға дамыту ұстанымы – Толымбек Әбдірайымның «Алабұға аулаған күн» прозалық жинағына енген прозалық шығармалардың табиғатына тән. Осылардың ішіндегі көлемдірегі «Тұнжыр» хикаятында өгей баланың жан дүниесі суреттеледі. Өзі ішкіш, өзі ынжық әке ұлын кейінгі үйленген әйелінің тепкісінен қорғауға құлықсыз. Бұл шығарманың кейіпкері он екі жасар бала болғанымен, ересек оқырманды да енжар қалдырмайтын деңгейде. Өйткені, мұнда көтерілетін негізгі мәселе – ата-ананың ұрпақ алдындағы парызы.

Жас оқырманға керегі оқиға болса, Т.Әбдірайымның әр әңгімесі сюжетті, қызықты штрихтармен оны қоюлатып отыруды да ұмытпайды» десе, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Толымбек қаламынан шыққан әр туындыны жіті қадағалап оқитын, пікірлес-дос Асқар Алтай өз ойын шегелеп жеткізеді: «Балалар әдебиеті мүлде жоғалып кетті деген өтірік сөз. Әдебиеттен мақұрым адамдардың сандырағы! Бұл қате түсінікті өзгерту керек-ақ. Тіпті, осы дүмбілез ойды халықтың санасына сіңіруге күш салып жатқан журналистер де жетерлік. «Отыз тістен шыққан сөздің отыз рулы елге жайылатынын» естен шығармаған абзал.

Мысалы, балалар әдебиетіне қомақты үлес қосып жүрген жазушылардың бірі де бірегейі

– Толымбек Әбдірайым. Сиясы әлі кеппеген кітабында «Тұнжыр» деген хикаят бар. Ол кез келген баланың жан дүниесін тебірентер, керек десеніз, үлкен адамдарға да ой саларлық дүние. Тілі қандай жеңіл. Қысқа да нұсқа әңгімелері бір төбе. Сондықтан қолда бар жақсы туындыларға көз жұма қарамай, жанкешті жазушылардың еңбектерін жан-жақты талдап отырғанымыз жөн». Жүрекжарды тебіреністер бізді де қуантқан...

Демек қаламгер Толымбек Әбдірайым жазған үлкенді-кішілі шығармалар жұрт көзінен таса қалмай, қалың оқырман қолында, сарабал сөз сардарларының назарында. Киелі мамандық иесіне бұдан артық бақыттың қажеті де жоқ.

## II.

Баянымыздың беташарында мезгегенімдей заманында Толымбектің қазақ балалар әдебиетіндегі өзіндік орны, дара қолтаңбасы турасында қалам тербегеніміз бар. Енді бір мезет соған көңіл аударыңыз. Өткен ғасырдың жетпісінші-сексенінші жылдар ойға түскенде, жалындаған жастық шағымды, әдебиетке қатар келіп қалам тербеген менің тұстастарымды әркез сағынышпен еске аламын. Сол жылдарда балалар тақырыбына бармаған жазушылар некен-саяқ. Әйгілі бала жанының бағбандары Сапарғали Бегалин, Мұзафар Әлімбаев, Бердібек Соқпақбаев секілді ағаларымызды айтпағанның өзінде, танымал жазушыларымыз Мұхтар Мағауин, Оралхан Бөкей, Молдахмет Қаназов, Тынымбай Нұрмағанбетов, Шәкен Күмісбаев, одан кейінгі толқын – Марат Қабанбаев, Жақау Дәуренбеков, Сайлаубай Жұбатыров, Мәди Айымбетов, Бекен Ыбырайымов, Несіпбек Дәутайұлы, Тұрысбек Сәукетаев, Балтабай Әділов, Ғабиден Құлахметов, Нұрғали Ораз, т.б. тізіліп буын-буынға жалғасып кете береді.

Ол кезде балалар мен жасөспірімдер тақырыбын қомсынбай, барлық белгілі ақын-жазушылар белсене қатысатын. Шыны керек, сол кездегі дәстүрлі бәйгеге Баспа, полиграфия істері жөніндегі мемлекеттік комитет, Қазақстан Жазушылар одағы және “Жалын” баспасы ұйытқы болатын. Ал әділ де қатал конкурс талай таланттың есімін әйгілеп, қалам қарымын дүйім жұртқа танытты.

Қазір ше? Ондай ынталандыру, ондай дүбірлі бәйге жоқтың қасы. Балалар мен жасөспірімдерге арналған “Балдырған”, “Ұлан”, “Ақ желкен” тәрізді төл басылымдар ғана өз үрдістерінен жаңылған емес. Балаларға арналған деп айдар тағылып, кейінгі жылдары жарық көре бастаған

басқа басылымдардың әлеуметтік-көркемдік жүгі мен талап-талғамы көп кемшін.

Әйткенмен балалар тақырыбына қалам тартып жүрген жазармандар жоқ деп аузымызды құрғақ шөппен сүртуге болмас. Біраз жыл әдебиет айдынынан алыстап кеткен талантты балалар ақыны Асқаржан Сәрсекөв өзгеше екпінмен, тың серпіліспен өз ортасына оралды. Дара қолтаңбалары қалыптасып, айшықталған ақындар Өтепберген Ақыпбеков, Нұрлан Қалқа, Әкім Ысқақтың шығармашылық әлемі жеке-жеке әңгімелеуді қажет етеді. Кішкентайлардың өміріне дендеп ену, балғындардың жан-дүниесін сергек сезіну, олардың болмыс-бітіміне тереңірек үңілу әрдайым биік мұратқа бастаса керек. Ал балалар тақырыбын қаузап жүрген жазушыларға келсек, Шәкен Күмісбаев, Балтабай Әділов, Айса Хамзаұлы, Әлібек Файзуллаев, Толымбек Әбдірайым, тараздық Нұрлан Есенов, шымкенттік Нұрғали Қадырбаев, қызылордалық Жеткерген Әбдіреев, балауса қалам иелері Нұрлан Құмар мен Ағила Саурандардың жазған тұщымды әрі тартымды дүниелерін қызыға қадағалаймын.

Осылардың арасынан сүйікті тақырыбынан айнымай, өнікті жазып жүрген жазушы Толымбек Әбдірайымның шығармашылығына арнайы тоқталғым келеді.

Қанша қиын десек те, қилы-қилы баспалардан шығып жататын кітаптардың саны сиреп көрген емес. Бірақ... сол кітаптардың арасынан балаларға арналған дүниелерді аз ұшырататынымыз анық. Осы тұрғыдан келгенде қаламгер Толымбек Әбдірайымның өзім танысқан “Аққоянның үйшігі” жинағы елең еткізген еді. Әңгімелер мен ертегілер, мысалдар және повесть топтастырылған жинақтың көтеріп тұрған жүгі едәуір салмақты екенін қадап айтқан жөн.

“– Айдын-жан! Қайдасың!

Аптап ыстықтан сая табу үшін терезелері пердемен тұмшаланған қара көлеңке төрті бөлмеде таң атпастан теледидар тамашалап, қос құс жастықты жастанып, шәниіп шалқасынан жатқан тәмпіш танау сары бала үшінші мәрте аты аталғанда ғана:

– Мұндамын-н... – деді мұрны астынан естілер-естілмес міңгірлеп.

– Әлима әжеңнің үйінен сүт әкеле қойшы... жүгіріп...”.

Осылайша басталған “Сүтсіз шай” әңгімесі кішкентай оқырманды бірден еліте, қызықтырып, жетелей түседі. Ары қарай не болады екен деп оқи түссесіз.

Қолына үш литрлік пластмасса ыдыс ұстап, жалаң аяқ, жалаң бас көшеге шыққан Айдекен

– Әлима әжейдің сотқар немересі, ұзынтұра Рүстеммен ескі клуб ғимаратының алдында ұшырасады. Қай кезде де көздері ойнақшып жылт-жылт етіп жүретін, бұзақы Рүстем Айдынды кесе-көлденеңдеп, жолын бөгеп қызық бір ойынға шақырады. Шешесінің тапсырмасын орындайын деп жанұшырып келе жатқан Айдын Рүстемнің етеш төбелестіреміз деген тосын ойына қызығып, оның соңынан еліре еріп жүре береді.

Әтештер сайысын Айдын мен Рүстем ғана тамашалаған әуелде. Әне-міне дегенше екеуіне Нұрбол, Бейбіт, Төлегендер келіп қосылып, аядай ғана қора іші араның ұясындай гуілдеп, ысқырған, айқайлаған дауыстар естіле бастайды. Атой салып, бет қаратпаған қарсыласын шетінен жайратып жүрген Рүстемнің “герой” әтеші бір кезде тырапай асып құлап түседі де, артынша сілейіп, жан тапсырады. Балалар тапырлай тұс-тұсқа тұра қашады. Айдын ғана ойланып, бөгеліңкіреп кідіреді. Бір нәрсе ұмытқан сияқты... Ә-ә, есіне түсті. Сүтке жіберген еді ғой анасы. Енді не істеймін деп Айдын қатты сасады. Рүстем болса айылын жияр емес. “Әлима әженің сиырын бұзауы еміп қойыпты, сүт жоқ деп айт апаңа” деп өтірікті қисындрып жібереді. Өзге амалы қалмаған Айдын еріксіз шешесіне досының әлгі “ақылын” айтады.

Түске тақау Айдындың анасы Әлима әжейдің үйіне келсе, шай ішіп отыр. Кәдімгі сүт қатқан қою күрең шай. Ептеп сырғақтап сұрағанда, Айдындың сүт сұрап бұл үйге келмегені анықталады. Раушан тәтейдің өзі өтірік айтып отырғандай ыңғайсыздана қысылады.

Міне, шағын болса да, айтары салмақты, шып-шымыр әңгіме. Сотанақ Рүстемнің сөзіне еріп, өтірік айтып, анасын ренжіткен Айдындың қылығына сіз де қынжыласыз. Өтіріктің орға жығатынын, олай істеуге болмайтынын пайымдар еді әркім-ақ.

Кітаптың екінші бөліміндегі ересек балаларға арналған тартымды, айтары мол, тәрбиелік мәні өзгеше дүниелер қатарына “Оқсыз мылтық”, “Қорадағы қазына”, “Сол бір қыста...”, “Бір тал гүл” тәрізді әңгімелерді қосуға болады.

Жалпы, мөлтек әңгімелер мен шағын мысалдар, ертегілер жазу екінің бірінің қолынан келмейтіні әлмисақтан белгілі. Өйткені, кішкентайларды шымыр да, әп-әдемі, тартымды әңгімелермен ойға шомдыру қиынның қиыны. “Сәбидің тілін түсінген жазушы, әлемнің құдыретін біледі” деген екен атақты балалар қаламгері Антуан де Сент-Экзюпери. Себебі, олар айналада болып жатқан құбылыстарға, жаңалықтарға, өзгерістерге үнемі сергек қарайды. Демек өзі көріп-білген, я болмаса

естіген жайларды тура қаз-қалпында қабылдауға әзір. Сондықтан да Толымбек өз шығармаларында баланың кір шалмаған пәк көңілін аулауды, сойтіп оларды еріксіз ойлауға зер салады. Мәселен, “Қайыңның көз жасы” әңгімесінде көкке өрлеп жасыл жапырақтары жайқала өсіп тұрған бала қайыңның жалқы талын Өрен есімді алты жасар ұл сындырып алды. Бұл оқиғаны көрші Әбуталап қарт көріп отырған. Кешқұрым бала бұтағы сынған жас қайыңнан су тамшылап тұрғанын байқайды. Сол кезде өзіне таяп келген ақсақалдан бұның себебін сұрайды. “Су емес... Қайыңның көз жасы, – дейді кәрия. – Біреу бұтағын әдейілеп сындырған. Жаны жараланып, ауырып, жылап тұрған соған! Шөп атаулының, ағаштың да жаны мен жүрегі бар! Адамдардан аялы алақан, шуақты мейірім тілейді! Ал қатыгез жүрексіздердің жасайтындары осы...” Өреннің беті ду ете қалады. Істеген ісіне ұялады. “Енді сындырмаймын, ата!” деген сөздерді іштей қайталайды. Былайша сырт көзге еленбейтін шағын деталь! Ал ой жүгірткен, зерделеген жанға бұл мөлтек әңгімеде қаншама тағылым-тәрбие жатыр.

“Мақтаншақ сары сағат” ертегісінде әдеттегідей көріністі суреттей отырып, көпшілігіміз елеп, байқай бермейтін сәтті бала-жүрек жадына шеберлікпен ұялатады. Жаңадан ғана сатып әкелінген қоңыраулы сары сағат қабырғада бұдан он жыл бұрын осы үйдің қастерлі бұйымы ретінде төрге ілінген қоңыр сағатпен сөз қағыстырады. Күні кеше келгендігін арқа тұтып, кеуде соғып мақтанады. Ертеңін көз алдына елестете алмаған мақтаншақ сары сағат кешікпей шифоньердің үстінен құлап қалып мертігеді. Сол мезет қиналған ол мұңын қоңыр сағатқа шағады.

“... – Қоңыр сағат-ау, қоңыр сағат. Маған көмегің керек сенің...” Сілікпем шықты әбден. Саматтың істемегені жоқ. Бүкіл өн бойымда сау-тамтық жер қалмады. Қол-аяғым, өкпе-бауыр, жүрегім... бәрі-бәрі ауырады... Белім-ай, ойбай-ай! Қарашы, сырқырап, қақсатып әкетіп бара жатқаны... Түпкі тегіміз бір, туыс едік қой...

– Не қыл дейсің маған?

– Мен диванның астында... түкпірде... қараңғы қапаста жатырмын. Самат таңертең осылай қарай лақтырып жіберген. Содан тұра алмай... Тым құрығанда былайырақ... шығаршы жарық дүниеге... Өті-нем-м... Құдай үшін-н...

– Маған орнымнан қозғалуға болмайды. Қозғалсам, тоқтап қаламын... Буынсыз жерге пышақ ұрма айналайын. Ренжіме!..

– Қоңыр сағат-т... бауырым-м... Жалынамын-н са-ған-н... Қатыгез болмашы... Құтқаршы

мынау қапастан... Жақсылығыңды ұмытпаймын өле-өлгенше!..

Жағы сембей жалынып, даусы әбден қарлықанша сарнай берді, сарнай берді сары сағат...”

Осындай ұтқыр штрихты жазушы өзінің “Дәптер мен Әліппе” мысалына да ұтымды пайдалана біледі. Бірнеше жылдан бері жеткіншектердің білім нәрімен сусындауына септігін тигізіп жүрген Әліппені “сен ескіріп қалған кітапсың” деп дүкеннен енді келіп, қызыл сөмкеге жайғасқан сужаңа Дәптер біраз әжуалайды. Артынша жаңбыр астында қалған Дәптерді иесі “керек етпей” коқысқа лақтыра салады.

Мінеки, әңгімелер мен ертегілерге тиімді пайдаланылған осындай ұтқыр суреттер өзара қиюластып жатады. Басқа да ертегілер мен мысалдардың алтын арқауы, қызыл өзегі – жақсылыққа ұмтылған кішкентайларды имандылыққа, ізгілікке, мейірімділікке, еңбекқорлыққа тәрбиелеп баулу. Сондай-ақ, кішкентайларды ұшқалақтықтан сақтандырып, жаман әдеттерден бойларын аулақ салуға үйретеді. Өмірдегі өзара сыйластық, татулық, адамгершілік, табиғат құбылыстарын жіті бақылауға, адамдардың адал достары саналатын үй жануарларының мінез-құлықтарын тамыршыдай танып-білуге деген құштарлықтарын арттыруға септігін тигізетін “Хисмет ата”, “Мөлдір бұлақ”, “Ақ жауын”, “Балапан баққан Батыр”, “Елу теңге”, “Кіндік шеше”, “Тарқаған өкпе”, “Күрең бие”, “Жақсылыққа – жақсылық”, “Ине мен жіп”, “Шөптің қателігі”, “Тарғыл мысық”, “Жалқаулыққа кім үйір?” т.б. тәрізді алақандай әңгімелер мен ертегілердің қай-қайсысы да бейжай қалдырмайды, керісінше ілкі сәт ой тұңғиығына шомдырады. Ал, ойға шомдырар шығармалар жазу – қаламгердің қабілет-қарымы мен өзіндік дара қолтаңбасын айқындаса керек. Жазушының “Дала әуені” повесі – он үш жасар Мейірбектің үлкендермен бірге бір ай, үш жүз шақырым жол жүріп, облыс орталығындағы ет комбинатына екі отар қой айдап апарып қайтқан қиын-қыстау сапары жайында сыр өрбітеді.

“...Тыныш түн. Аспан төрінде жарқыраған жұлдыздар жусап жатыр. Дүние маужырап, бір мезет қалғып кеткендей. Тыныштық ұйып тұр. Тек иіріліп, алқа-қотан жатқан отардың ішінен кейбір қойлардың пысқырып, түшкіргені ғана етіледі. Аулақта байғыз шақырады.

Мейірбектің үстінде қалың күпәйке. Аяғында керзі етік. Басында малақай. Сақтық үшін қолына қамшымен қоса сойыл ұстаған. Түнгі қой күзетіне өзі сұранды. Әбілсейіт аға баласынып, көнбеп еді. Самат аға иіліктірді-ау, ақыры. Тек жата-жатқанша: “Алда-жалда ит-құс білініп, отар үріккендей болса, бізге дереу хабарла. Сан соғып

қалмайық! Сақ бол! Ұйқың келсе отырма! Ары-бері жүр! Қимыл жаса! Оған шыдамасаң, мені оят – деді тәптіштей қайта-қайта тапсырып...”

Тау-тасты, қырат-белесті, адырлы жусанды дала, шөп бастарын болмашы тербеген майда самал жел, осының бәрі бала Мейірбектің көзімен әдемі суреттеледі. Хикаятты оқып отырып, өзіңіз де сол... жусан иісі аңқыған ке-е-ң жасыл жазираны кезіп кеткің келеді, көкорай шалғынға ауаңғың келеді...

Ұзақ жол, еңбек қиындығы үстінде қасындағы ағаларының қилы-қилы мінез-құлықтарын, іс-әрекеттерін көрген, одан өзінше ой түйген баланың есейе бастаған сезімтал санасы, айналасын жіті бағдарлауы ересектердің өзін қзықтырғандай. Бас-аяғы жұмыр, жүрек қылын қозғар әсерлі туынды атақты Антон Чеховтың әйгілі “Дала” повесін еске оралтқандай күй кешесіз.

Осы ретте оқиғаны шымыр әрі ширақ өрбітіп, өрімталдаресінде ұзақ сақталатын шығармалардың еңсесін көтеріп тұрған жазушының шырайлы да шұрайлы тілін де ерекше айтқан ләзім.

Әңгіме сорабында мезгегендей, жаны таңғы шықтай мөлдір, қауырсын қиялдары ұшқыр, әрі бояуы қанық балалар әлеміне әр қырынан барлау жасау оңай емес. Жазушыдан бүлдіршіндер табиғатын жетік білумен бірге, байқампаз қырағылықты талап етеді. Ең бастысы, жеткіншектер жайында жазып отырғанда жұмбағы сан қабат айнала-төңірегіне бала көзімен қарап, балғындар тілімен сөйлеп, сәби сезіммен ой жүгіртуің тиіс. Балалар бейнесін мүсіндеп, кескіндеуде, олардың іс-әрекеттерін нанымды әрі шынайы шығару үшін шығармада ұдайы жарыстыра суреттелетін табиғат көріністерін шебер қиюластыру – қай қаламгердің де айқын мақсаты. Осы үдеден көрінген жазушы Толымбектің ізденісі қуантады.

Бел-белесті ұзақ жолға түскен ол көгілдір көкжиекті беттеп барады. Қадамы нық.

\* \* \*

...Уақыт тоқтамайды. Содан бері де өзіндік бедер-ізің сызып, біраз жылдар дөңгелепті. Кері қайтара алмайтын сол сағынышты жылдардың қанатымен бірге есейген Толымбектің шығармашылық әлемі де мәуелей түскен. Кітап үстіне кітабы қосылып, қиял пырағы бәйгетөбенің төрінен көрініп, игілікті еңбегі өзі туып-өскен Аягөз ауданының құрметті азаматы деген биік мерейге бөлеп отыр. Ендеше, менің де ой-пікірім сол бәз-баяғы тұнық қалпында. Қаламыңның жемісін талмай тере бергейсің, жазушы бауырым!